

**Сапаққол орта мектебінің  
әлеуметтік педагогі  
Р.Сатығалиевадан**

**Сапаққол орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына  
арналған әлеуметтік педагогтың есебі**

**2023-2024 оқу жылында Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының мақсаты:**

- Мектеп окушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды, аз қамтамассыз етілген отбасы балаларын, жартылай жетім оқушылармен әлеуметтік қолдау, жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қызын, құқық бұзуға бейім, балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды үйимдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
- әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

**Мектеп бойынша оқушылар санының көрсеткіші**

<b>№</b>	<b>Оқу жылы</b>	<b>Бала саны</b>	<b>Әлеуметтік жағдайы бойынша есепте</b>
1	2022-2023	164	
2	2023-2024	174	

**Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайының көрсеткіші**

<b>№</b>	<b>Оқу жылы</b>	<b>Көп балалы</b>	<b>Аз қамтылған</b>	<b>Жартылай жетім</b>	<b>Әкесі Кайтыс болған</b>	<b>Анасы кайтыс болған</b>	<b>Өтей акелерімен тұратын оқушы саны</b>	<b>Өтей аналарымен тұратын оқушы саны</b>	<b>Үйден оқитын оқушы саны</b>	<b>Отбасында мүгелегі бар оқушы саны</b>	<b>Толық емес отбасының оқушы саны</b>
1	2023-2024	34	9	3	2	1	-	-	1	4	4

**«Жалпыға бірдей білім беру» қорынан тамак ішетін оқушылар көрсеткіші**

<b>№</b>	<b>Оқу жылы</b>	<b>1-4 сынып</b>	<b>I санат</b>	<b>II санат</b>	<b>III санат</b>	<b>Санатсыз</b>	<b>5-11</b>	<b>Жалпы саны</b>
1	2023-2024	68	2	5	-	61	11	79

Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен акпараттық стендтер үйимдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. «Қайырымды істер марафоны» акциясы бастау алды. Мектебімізде жетім және ата-анасының қамқорлығының қалған білім алушылар анықталмады. Білім алушылардың сабакқа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Ақтөбе облысының білім басқармасының Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 18.07.2023 жылғы №5-15-2/4267 хаты негізінде аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен

ата – анасының қамқорлығынсыз қалған қалған балаларға оқу жылышында басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатындағы жылдағы дәстүр бойынша «Жақсылық жаса» ұранымен Мектепке жол акциясы басталды. Барлығы 10 –ға жуық өтініш келіп түсті. 10 окушының тізімі жасақталып, аудандық білім бөліміне жиберілді. Келіп түскен сұранысқа сәйкес 3 балаға көмек берілді. Ойыл аудандық білім белімінің қолдауымен 1 отбасының 1 баласына Ойыл аудандық орталық мешіті, Ойыл аудандық мәдениет үйі және «Бағлан» шаруа қожалығының төрағасы Хасенов Нұрболаттың демеушілігімен спорттық киім, спорттық аяқ киімдер, мектеп формалары мен оқу құралдары берілді.

**Жана оқу жылышында мектебіміздің 1 сыныпқа қабылданған 23 оқушыға «Анвар» ЖШС бас директоры Сальфиков Талғат Маратович өз демешілігін корсетті.**



**«Самұрық – Қазына» демеушілігімен сумка, оқу-қуралдармен төмендегі оқушылар қамтамасыз етілді:**



1- 11 сыныптары бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан, жан басына шаққанда орташа табысы күн көріс деңгейінен төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан және жетім балалар әлеуметтік қолдау мақсатында әлеуметтік көмек алатын отбасыларға кепілдендірілген әлеуметтік пакеттің берілуі үшін отбасылар тізімі жасақталып, аудандық білім бөліміне 9 отбасының 18 баласына 40597 теңге көлемінде көмек көрсетіліп, мектеп формасы және құралдарымен қамтамасыз етілді. (АӘК алатын 3 отбасының 6 баласы және жан басына шаққанда күн көріс деңгейі төмен 6 отбасының 12 баласы) әлеуметтік пакет ақшасы ата – аналардың жеке шоттарына түсті.

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Аудандық ПБ есебінде тұрғандар – 2

Есепте түрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кенес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқық бұзушылықтың салдары» және «Алайқыштыққа жол жоқ!» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Жалпы ыстық тاماқ ішетін оқушылар саны мектебіміз бойынша - 79 окушы. Олар мектебіміздің әлеуметтік көмек алушы отбасылардан шыққан және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына төмен және жеңілдетілген тاماқпен аз қамтылған 18 окушы, биылғы оку жылынан бастап 1-4 сынып оқушылары түгелдей ыстық тاماқпен қамтамасыз етіліп отыр. Жоспарға сәйкес мектебімізде тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мектеп асханасының жұмысына тексеру жүргізілді. Тексеру барысында асхана іші таза, жарық, қойма іші таза, жинақы. Іздістар жуылған таза. Асхана қызметкерлері медициналық тексерістен өткен, талапқай сай, асхана формасында болды.Дайын тамақтың сапасын бақылау журналы, келіп түскен тамақ уақытылы тіркеу журналы толтырылған.



Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыпта сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: Оқушылардың жақсы денсаулығының, жан – жақты дамуының кепілдігі – тиімді және үйлесімді тамақтану болып саналатын, «Салауатты өмір салтының» анықтамасын түсіндіру. Пайдалы және зиянды тағамдар туралы акпараттар беру. Мектебімізде желтоқсан айының соңғы аптасында Әліп Күлжамалдың үйымдастырумен ыстық тاماқ ішетін оқушыларға жаңа жылдық өз сыйлықтарын табысады.



Тамақты үнемі жспарға сай брокираж комиссиясы тексеріп отырады



«Балдаурен - Түркістан» Республикалық оку сауықтыру орталығының ұйымдастырумен өткен лагерьге «Жаңа жылдық карнавал» би, күй маусымы бойынша мектебімізден екі окушы демалып кайтты.



Мектебіміздің мамандары учакелік инспекторымен бірлесіп құқықбұзуышылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізілді. Максаты: Тұнгі уақытта кәмілеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі енімдерін

21 – жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды кадағалау.



Жана 2024 жылға арналған Қазақстан Республикасының президенті шыршасына мектебімізден мүмкіндігі шектеулі үйден оқитын 4 сынып оқушысы Садаш Серікбол қатынасып, бағалы сыйлықтар алғыш келді.



25 қазан – Республика күніне орай «Қыран елім Қазақстаным!» іс шаралар жоспарына сәйкес мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері «Таза Қазақстан» патриоттық акциясына белсене қатысты. Оқушылар мектеп ауласын кураған ағаш жапырақтарынан тазартық, сенбілік жұмыстарын жүргізді.

Қайырымды істер марафоны аясында оқушыларымыз жалғыз басты аналарымызға көмек акциясына атсалысады жоспар бойынша



Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша он күндік шара жоспарына сәйкес «Қыз бала қандай болу керек?» такырыбында іс – шара өткізілді.

sapakkolorta



Бала тәрбиесі баршаға ортақ тақырыбында жалпы ата – атанал жиналысы жосарға сай өткізіліп отырады



## 2024-2025 оку жылына қойылып отырған мақсат:

**Мақсаты:** аз қамтылған балалармен жұмыс жүргізуі жалғастыру.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып тәмендегідей ұсыныстарды келер оку жылында жасаймы:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;
2. Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс–қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық түрғыда колдау көрсету;
3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып онтайландыру.

**Әлеуметтік педагог: Р.Сатығалиева**